

## **Жол қауіпсіздігі , сенің қауіпсіздігің.**

Балалар бақшасының 3-4 жастағы балаларынан бастап көшеде жүру тәртібін бұзбай сақтап жүру ережелерін тәрбиешілер күнделікті үйретіп отыруға тиісті , көше тораптары, жаяу жүретін жолдар және ондағы сызылған белгілер көрсетіліп, қойылатын талаптар түсіндіріледі. Жолда жүру ережелеріне сәйкес бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыру. Көше жағдайындағы кеңістікті бағдарлай білу дағдыларын дамыту. Баланы зейінді, епті болуға тәрбиелеу. Сабақта тәрбиеші бақылау кезінде не көргендерін сұрайды, әңгіме барысында бағдаршамның қызметі туралы мәлімет береді. Жол белгілері жайлы және жол ережелерін қатаң сақтау түсіндіріледі. Егер бағдаршам жоқ болған жағдайда жолдың тәртібін реттеп тұратын жол сақшысына бағыну керек екенін айтады. Өздері жолаушы болған жағдайда көлік ішінде жолаушыға тиісті ережелерді сақтау керек екенін айтады. Жол ақысын төлеу, өзге жолаушылармен сыпайы, ізетті болуға үйрету. Жол жүру ережелерін сақтау, үйрену арқылы бала өзінің өмірін және денсаулығын сақтайды. Ең бастысы көшені кесіп өтер кезде мұқият болу керек. Серуен кезінде тәрбиеші балалармен бірге көліктерге бақылау жасайды.